**Студенттер мен оқушы жастар арасындағы ахуалды тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1999 жылғы 2 шілде N 89-ө

Студенттер мен оқушы жастар арасындағы ахуалды тұрақтандыру және студенттердің материалдық және әлеуметтік қорғалуын одан әрі нығайту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі:

бөлінген бюджеттік қаражаттың стипендияларды төлеудің басымдығын ескере отырып пайдаланылуын қамтамасыз етсін;

жатақханаларда студенттердің тұруы үшін қалыпты санитарлық-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етсін, жаз кезінде жатақханаларды жөндеуді ұйымдастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі екі апта мерзімде студенттер мен жоғары оқу орындарын бітірушілерді ішкі тауар өндірушілерді қолдау желісі бойынша несиелер бөлініп келген, не өнеркәсіптік саясатты іске асыру барысында өзгедей қолдау көрсетіліп келген кәсіпорындарға уақытша және тұрақты еңбекке

орналастыруды ұйымдастыру жөнінде нақты ұсыныстар енгізсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

аз қамтылған студенттерді қызмет көрсететін және жұмысшы кәсіптеріне еңбекке орналастыру жөніндегі жұмыспен қамту орталықтарын ұйымдастырсын;

студент жастар үшін жазғы уақытта қоғамдық жұмыстар жүргізуді ұйымдастырсын.

Премьер-Министр

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК